

И.С. Конев атындағы Алматы жоғары жалпыәскерлік командалық училищесі туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 30 маусым 1993 ж. N 559

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне арналған әртүрлі мамандықтар бойынша офицер кадрларын даярлаудың өскелең қажеттілігіне байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің И.С. Конев атындағы Алматы жоғары жалпыәскерлік командалық училищесіне жаңа мамандықтағы офицер кадрларын - танкистер, артиллеристер мен автомобилистер даярлауға құқық беру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі:

И.С. Конев атындағы Алматы жоғары жалпыәскерлік командалық училищесінің штаттық кестесіне тиісті өзгерістер енгізісін;

аталған мамандықтар бойынша курсанттардың қажетті санын белгілесін;

жанадан енгізілетін мамандықтар бойынша офицер кадрларын

даярлау үшін қажетті оқу, материалдық және техникалық база жасайтын болсын;

жаңадан енгізілетін мамандықтар бойынша офицер кадрларын даярлауды 1993 жылдың қыркүйегінен бастасын.

3. 1993 жылы училищені қайта құру жөніндегі шығыс республиканың Қарулы Күштерін ұстауға көзделген қаражат шегінде жүргізілсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі училищені қайта құру жұмысын жалғастыру үшін 1994 жылға қосымша қаржы қаражатын қарастырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК